

АУРУХАНАҒА ЖАТҚЫЗУ



ЖОСПАРЛЫ

созылмалы ауруға шалдыққан пациенттерді адам өміріне қауіп төндірмейтін жағдайларда дәрігер жолдамасы бойынша стационарда емдеу.



ШҰҒЫЛ

пациент өміріне қауіп төндіретін, кезек күттірмейтін жағдайларда стационарда емдеу

ШҰҒЫЛ ЕМ ӘРДАЙЫМ ТЕГІН ЖҰРГІЗІЛЕДІ!

ЖОСПАРЛЫ ТҮРДЕ СТАЦИОНАРҒА ЖАТЫП, ТЕГІН ЕМДЕЛУ ҮШІН ДӘРІГЕРДІҢ ЖОЛДАМАСЫ ҚАЖЕТ. ОНЫ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?



ЕМХАНАДАҒЫ ДӘРІГЕРІҢІЗГЕ БАРЫҢЫЗ. ДӘРІГЕР СІЗДІ ҚАРАП, АУРУХАНАҒА ЖАТЫП ЕМДЕЛУ ҚАЖЕТТІГІН РАСТАУ МАҚСАТЫНДА БІРҚАТАР ТЕКСЕРУЛЕРДЕН ӨТУГЕ ЖІБЕРЕДІ

ТЕКСЕРУЛЕРДЕН ӨТІҢІЗ



ЖОЛДАМАНЫ РӘСІМДЕНІЗ. ЕМДЕЛЕТІН МЕДИЦИНА ҰЙЫМЫН ДӘРІГЕРМЕН БІРЛЕСІП ТАҢДАУҒА БОЛАДЫ

АУРУХАНАҒА ЖАТҚЫЗУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШТІ ТІРКЕҢІЗ. СІЗ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР “АУРУХАНАҒА ЖАТҚЫЗУ БЮРОСЫ” ПОРТАЛЫНДА ТІРКЕЛЕДІ




көп жағдайда ауруханаға жатқызытын күн автоматты түрде белгіленеді



онкологиялық, психиатриялық, наркологиялық, тері-венерологиялық немесе жұқпалы аурулар ауруханасы сынды мамандандырылған клиникаларға жатқызытын күн стационар қызметкерлерімен бірге белгіленеді.



Ауруханаға жатқызу талонын алыңыз. Қолыңызға коды бар талон беріледі.
<http://bg.essz.kz> сайтына енгізіп, кезекті қадағалауға болады.



Дәрігердің берген ақыл-кеңесін орындауды ұмытпаңыз. Ауруханаға жатқанға дейін дәрігердің нұсқауларын орындаңыз



АУРУХАНАҒА ЖАТАТЫН КҮНІ МЫНАДАЙ ҚҰЖАТТАРДЫ АЛА БАРУДЫ ҰМЫТПАҢЫЗ:

- ! Жеке куәлік
- ! Ауруханаға жатқызу талоны
- ! Диагностикалық зерттеулер қорытындысы
- ! Ауруханаға жатқызу туралы жолдама



Егер сіз басқа қаладағы ауруханада жатып емделетін болсаңыз, ертерек билет сатып алуды ұмытпаңыз. Өйткені, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры жол ақысына қатысты шығындарды төлемейді.



Ауруханаға жатқызуға кедергі келтіретін жағдайлар туындаса, ол туралы бірден дәрігерге ескертіңіз. Әйтпесе ауруханаға жатқызу туралы өтініштің күші жойылуы мүмкін.

Сізді ауруханаға жатқызудан бас тартуға қандай жағдайлар себеп болуы мүмкін?

Пациент ауруханаға жатқанға дейін қажетті тексерулерден толық өтпеген жағдайда

Тиісті тексерулерден қосымша өту керек

Пациентті жоспарлы түрде ауруханаға жатқызуға қарсы көрсетілімдер болса. Мысалы, өткір респираторлық вирусты инфекция

Кейін қайта барыңыз

Пациентке стационарлық көмек көрсету қажеттігін растайтын көрсетілімдер болмаған жағдайда

Егер сіз бұл шешіммен келіспесеңіз, МСҚ-ның көмегіне жүгініңіз.

Егер пациент кешігетінін ертерек ескертсе, стационар оны бір тәулікке дейін күте алады. Бір тәуліктен асқаннан кейін ауруханаға жатқызу туралы өтініш күшін жояды.



ЕГЕР АУРУХАНАДАҒЫЛАР ЕМДЕУГЕ ЖАТҚЫЗУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШТІ РӘСІМДЕУДЕН БАС ТАРТСА

МСҚ-ның Халықпен жұмыс жөніндегі департаментіне хабарласыңыз



МЕДИЦИНАЛЫҚ
САҚТАНДЫРУ
ҚОРЫ

www.fms.kz

8 7172 647 035

vopros@fms.kz

Қордың fms.kz сайтындағы “Халықтық бақылау” бөліміне шағымданыңыз